

XFTAP 17.07.41

С.Б. Жұмағұл, Н.М. Қайралапов

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.
(E-mail: Sagymbay.zhumagul@mail.ru; Nurgisa.kayralapov@mail.ru)

Көне түркі жазба ескерткіштерінің жанры және Құлмат Өмірәлиев зерттеулері

Аңдатпа. Мақалада көне түркі жазба ескерткіштерінің жанрлық сипаты, ерекшеліктері қарастырылады. Көне түркі әдеби ескерткіштерінің жанрын айқындау – тек олардың көркемдік қуатын, поэтикалық құнарын саралау ғана емес, аталмыш туындылардың тарихи, стратегиялық маңызын, негізгі идеялық мұратын, миссиясын бағалау болып табылады. Аталмыш мәселе бойынша соңғы бір ғасырдан астам уақытта көптеген тарихшылар мен әдебиеттанушылар, тілші-ғалымдар ғылыми пікірлер білдірген. Еңбекте көне жәдігерлердің жанрына байланысты біршама ғалымдардың әр кезеңдегі зерттеулері, тұжырымдары мен қорытындылары талданады. Жазба ескерткіштерді поэзиялық және прозалық туынды деп таныған ғалымдардың негізгі ғылыми дәлелдері және мәтін негізіндегі талдаулары беріліп, салыстырылады. Сонымен қатар, көне түркі әдеби жәдігерлерін зерттеуші Құлмат Өмірәлиевтің аталмыш мәселеге байланысты зерттеу еңбектерінің ерекшеліктері, негізгі тұжырымдары мен қорытындылары сараланып, ғылыми маңыздылығы көрсетіледі.

Түйін сөздер: Көне түркі жазба ескерткіштерінің жанры, поэзиялық және прозалық ерекшеліктер, Құлмат Өмірәлиев зерттеулері.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-130-1-29-36>

Түсті: 05.02.20 / Қайта түзетілді: 12.03.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 30.03.20

Кіріспе. Орхон-Енисей бойынан табылған көне түркі жазба ескерткіштерінің мәтіні оқылып, ғылыми айналымға түскен соңғы бір ғасырдан астам уақытта олардың жанры туралы көптеген ғалымдар пікірлер білдіріп, зерттеулер жүргізіп келеді. Зерттеу еңбектердің сипатына байланысты арнайы зерттеулер мен жанама пікірлер, ал олардың авторларына қатысты лингвистер мен әдебиеттанушылар, тарихшылар тарапынан жүргізілген зерттеу жұмыстары деп қарастыруға болады. Негізінен ғалымдардың бір тобы көне мұраларды поэзиялық туынды десе, бір бөлігі прозалық шығарма деп танып, олардың әртүрлі ерекшеліктерін алға тартқан. Көне жәдігерлердің жанрлық сипатына байланысты зерттеулер М. Әуезов, Ә. Марғұлан, А. Щербак, Л. Гумилев, Ф. Корш, М. Богданова, Н. Бернштам, И. Стеблева, Н. Келімбетов, М. Мағауин, М. Жолдасбеков, С. Кляшторный, Ғ. Айдаров, Қ. Өмірәлиев, М. Дүйсенов, т.б. ғалымдардың еңбектерінде кездеседі.

Зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында сипаттау, талдау, салыстыру әдістері қолданылады. Көне әдеби ескерткіштердің ғалымдар зерттеулеріндегі прозалық және поэзиялық сипаты жеке-жеке беріліп, олардың ғылыми пікірлері мен тұжырымдары мәтін негізінде көрсетіледі. Қ. Өмірәлиевтің көне түркі жәдігерлерінің жанрына байланысты зерттеулерінің ерекшеліктері де қарастырылады.

Мақсаты мен міндеттері. Бұл мақалада көне түркі әдеби жәдігерлерінің жанрлық ерекшелігіне тоқталуды және аталмыш мәселеге байланысты әр кезеңде жарияланған ғалымдардың, зерттеуші Қ. Өмірәлиевтің еңбектерін қарастыруды мақсат тұттық. Осыған орай мынадай міндеттер қойылды: а) көне түркі жазба ескерткіштерінің жанрына қатысты зерттеулерді қарастыру; ә) олардың жанрлық сипатының поэзиялық және прозалық ерекшеліктеріне қатысты ғалымдардың зерттеулерін салыстыру, мәтін негізінде көрсету; б) аталмыш мәселе бойынша Қ. Өмірәлиев зерттеулерінің ерекшеліктеріне тоқталу.

Ғылыми тұжырымның талдануы. Көне түркі әдеби жәдігерлерінің жанрлық сипатына байланысты Ф. Корш олардың мәтіндерінен ырғақты үзінділерді анықтауға тырысса, М. Богданова, А. Бернштам, А. Унгвинская, И. Стеблева, М. Жолдасбеков сынды ғалымдар жазба ескерткіштерді поэзиялық туынды деген тұжырымға келген. Сонымен қатар, М. Әуезов, Ә. Марғұлан еңбектерінде де халық ауыз әдебиеті мен көне түркі мұраларының тығыз байланыстылығы жөнінде айтылады.

Жалпы көне түркі мұраларын поэзиялық туынды санаған ғалымдардың қорытындысынан олардың поэзияға тән бірнеше ерекшелікке тоқталатындығын аңғаруға болады. Біріншісі – аталмыш мұралардың халық ауыз әдебиеті үлгілерімен, батырлық эпостармен байланыстылығы. Бұл жайында М. Богданова: «Енисей және Талас қырғыз жазбалары барлығы дерлік тұрмыс-салт жырлары, еске алу әуендері, ода мен панигирикалық жанрларға құрылған халықтық поэтикалық шығармашылық» [1, 46 б.], – дейді. Ал жазба мұралар мен эпостардың арасындағы байланыс туралы Мұхтар Әуезов: «Орхон жазулары деген не? Бұл күнге дейін оларды тіл тарихының ескерткіштері ретінде зерттеп жүр. Соған қоса олар фольклордың мейлінше көне үлгілерінің де ескерткіштері емес пе? Сол жазуларда эпостық аңыздардың шағын да ықшам фабулалық желілері бар ғой» [2, 243 б.], – десе, Әлкей Марғұлан: «VI-VIII ғасырлардағы халық фольклорында эпостық поэзияның Орхон ескерткіштерінде жазылып қалған ең ертедегі ақындық тәсілдері мен дәстүрлері белгілене бастаған. Бұл поэзияның элементтерін Күлтегін мен Білге ханның басындағы құлпытастарына жазылған жазулардан көруге болады. Бұл жазулардың тексті эпостық әңгіме стилінде жазылған» [3, 117 б.], – дейді. Бұл тұрғыдан алғанда, жоғарыдағы ғалымдар пікірінен көне жәдігерлер өзіне дейінгі ауыз әдебиеті құнарын бойына сіңірумен қатар, өзінен кейінгі халықтық мұралардың, әсіресе поэзиялық үлгідегі туындылардың бастауына, қайнарына айналды деген тұжырымды байқаймыз. Сонымен қатар, осы бағыттағы еңбектерден Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі фольклорға тән синкреттілік, сюжеттік желі ұқсастықтары мен бай дидактикалық сөз қолданыстарының кейінгі халық шығармашылығына интерпретациялануын зерттеу, салыстыру жұмыстарын көреміз. Осындай талдаулар М. Жолдасбеков еңбегінің «Орхон ескерткіштері және қазақ эпосы» бөлімінде кездескендіктен, бірнеше мысалмен шектелуді жөн көрдік:

- | | |
|--|---|
| 1) Теңрі тег, теңрі йаратмыш
Үзе көк теңрі,
Асра йағыз йер қылынтукда
Екін ара кісі оғлы қылынмыс. | Тәңірідей тәңіріден жаралған [4, 41 б.];
Биікте көк тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам
баласы жаралған [4, 44 б.]; |
| Үзе түрк теңрісі,
Түрк ыдук йері, субу.
Анча тіміс:
«Түрк будун йоқ болмазун» –
– тиін
«Будун болчүн», –тійін, | Көкте түрк тәңірісі,
Түріктің қасиетті жері, суы.
Былай депті:
«Түркі халқы жойылмасын», –
– дейді,
«Ел болсын», -дейді [4, 47 б.]. |
| 2) Қанум қаған йіті йегірмі
ерін ташықмас.
Тіріліп йетміс ер болмас.
(Қа) мұғы йеті йүз ер болмыс.
Қырық артуқ(ы) йіті
иолы сүлеміс | Әкем ханға он жеті ер еріпті
Жиылып жетпіс ер бопты
Қолы жеті жүз ер большты
Қырық жеті рет аттанды [4, 48 б.]. |
| 3) Боз атын бiнiп тегдi.
Кедiмлiг торығ ат бiтiг тегдi.
Ақ адғырығ бiнiп, | Боз атын мiнiп шапты [4, 53 б.];
Ерттеулi торы атын мiнiп шапты [4, 53 б.].
Ақ айғырына мiнiп, |

Оплайу тегді. Күлтігін Аз айғызын бініп тегді.	Шабуылға ұмтылды Күлтегін аз қарагерді мініп шапты [4, 56 б.].
4) Анта кісре інісі қаған болмыс ерінч, Оғлу та қаған болмус ерінч. Анта кісре інісі ечісін тег қылынмадық ерінч, Оғлу қанун тег қылынмадук ерінч. Білігсіз қаған олурумус ерінч, Йаблақ қаған олурумус ерінч, Бұйруқы йеме білігсіз ерінч, Йаблақ ерміс ерінч.	Соңындағы інілері қаған болған, Ұлдары да қаған болды Соңындағы інісі ағасындай болмады Ұлдары әкесіндей болмады Біліксіз қағандар отырған екен, Жалтақ қағандар отырған екен. Әміршілері де біліксіз екен, Жалтақ болған екен [4, 45-46 б.].

Жоғарыда келтірілген 1 және 2-мысалдарда тәңрі, дүние туралы ой, таным және жеті санының қайталануы, мистикалық сенім мен мифтик ойлау, қабылдау кейінгі фольклорлық, әсіресе, эпостық шығармаларда жиі кездесіп отырады. Сонымен қатар, «Күлтегін» жырындағы батырмен бірге оның тұлпарының да берілуі кейінгі жырларда кең өріс алса, ал 4-мысалдағы қайталау эпостық шығармаларда ерекше мәнге ие көркемдік тәсілге айналған.

Көне жазба ескерткіштерді поэзиялық туындыларға жатқызатын ғалымдар зерттеулерінің басты екінші бағыты –сына тастағы жазулардың композициясын, ырғақ, ұйқас, дыбыстық жүйесін, стиль ерекшелігін анықтау мақсатында ғылыми өлеңтану аясында жүргізілген зерттеу еңбектер. Мұндай жұмыстар Н. Бернштам, Ф. Корш, И. Стеблева, М. Жолдасбеков т.б. ғалымдар еңбектерінде кездеседі.

Ғалым И. Стеблева көне жәдігерлердің берілу формасы туралы: «Туған елінің тәуелсіздігі мен құлдыққа қарсы күресін, халқына және оның ерлеріне деген сүйіспеншілігін ақындық шабытпен жазған Орхон текстерін жалаң тарихи (тарихи-өмірбаяндық) деректемелерге жатқыза қоюға бола ма екен? Керісінше, белгілі бір ақындық дәстүрдің ортасында туған осы жазуларды тарихи-ерлік поэма деп тану әлдеқайда орынды болар еді» [5, 61 б.], – дейді. Ал мәтіндердің құрылысына байланысты ол Орхон жазба мұраларын сегіз бен он үш аралығындағы буыннан тұратын, төрт тармақты шумақтардан құралған туындылар деген қорытындыға келсе, М. Жолдасбеков И. Стеблеваның төрт тармақты шумақтар туралы пікірін жоққа шығарып, «Орхон ескерткіштерінің үш, төрт, бес, алты, сегіз тіпті онан да көп жолды шумақтардан тұратындығын, әр алуан ұйқасты, әр буынды, көбіне 7-8 буынды болып келетін жыр өлшеміне негізделгенін байқауға болады» [4, 99 б.], – дейді. Ғалым аталмыш мұраларды үштен он бес буын аралығындағы 727 жыр жолынан тұрады деп есептеген. Сонымен қатар, екі ғалым да олардың композициясына қатысты ой түйдегіне бағынған бөліктерден (циклдардан) тұратын ерекшелігін айтқан. Ал ырғақ, ұйқас мәселесіне қатысты И. Стеблева көне мұраларда ырғақ ямб, анапест өлшемдері көмегімен жасалғандығын айтса, М. Жолдасбеков «өлең ұйқастары аз ұшырасады, жыр үлгісіндегі ойға негізделген ұйқасым бар» деген қорытындыға келген.

Ал сына тастағы жазуларды прозалық туындылар, тарихи-шежіре әңгімелер деп тапқан ғалымдар қатарында Т. Ганджей, А. Щербак, Л. Гумилев, В. Жирмунский, Қ. Өмірәлиев, т.б. бар. Ендігі ретте олар қандай жанрлық ерекшеліктерді өз концепцияларына негіз етті? деген сауалға жауап беріп көрсек. Көне жәдігерлердің прозалық сипаты туралы түркітанушы А. Щербак «Өзінің сипаты жағынан бұл жазулар поэтикалық шығармаға жатпайды» [6, 145 б.], – десе, Л. Гумилев: «И. В. Стеблеваның 1965 жылы шыққан «VI-VIII

ғасырлардағы түрік поэзиясы» атты монографиясында Күлтегін мен Тоныкөктің құрметіне арналған жазулар өлеңмен жазылғанын және олар ерлік поэмасы болып табылатынын дәлелдеуге тырысушылық бар. Монография авторының қанша күш-жігер жұмсағанына қарамастан, біз ол жазулардан өлеңдік ырғақты байқай алмадық, осыған байланысты А. Щербактың: «Бұл жазулар өзінің сипаты жағынан поэтикалық шығармаға жатпайды» деп сендіргеніне толық қосыламыз» [7, 321 б.], - деген пікір айтады. Мұндағы Л. Гумилевтің «өлеңдік ырғақты байқай алмадық» деуінің үлкен мәні бар. Себебі, көне жәдігерлерде прозаға, шешендік сөзге тән ырғақ, сөз иірімдері кездеседі. Бұл туралы М. Мағауин: «Біз Орхон ескерткіштері шешендік (ырғақты) сөз үлгісімен жазылған деп есептейміз» [8, 254 б.], - дейді. Бірақ бұл – поэзиялық ырғақ пен ұйқастан басқа дүние. Демек, Орхон жазба мұраларындағы ырғақ – өлеңсөзде кездесетін ырғақ пен ұйқас емес.

Көне жазбалардың прозалық сипатына қатысты ғылыми маңызы жоғары дәлелдер Қ. Өмірәлиев зерттеулерінде ұшырасады. VI-XIX ғасыр арасындағы әдеби мұралардың тілдік, стильдік, жанрлық ерекшеліктерін тұтастықта қарастырған сұңғыла ғалым көне мұралардың жанры туралы: «Сөз жоқ, Орхон-Енисей жазбалары – бұл күнде тарихы белгілі ең көне сөз үлгілері. Бірақ бұл ескерткіштер VI-VIII ғасырдағы түркі халқының фольклорлық әдебиетінің, нақтырақ айтқанда, ауызша поэзиясының сипаты қандай болды деген сұраққа бірден жауап бере алмайды. Өйткені бұл жазулар – өлең өлшемінде туған поэзиялық туындылар емес» [9, 22 б.], - дейді. Автордың зерттеулерінен төмендегідей ғылыми тұжырымдарды аңғаруға болады:

1. «Күлтегін», «Тонукук» – поэзия да, творчестволық өлең-жыр да емес, түркі қағандары мен батырларының ерлік жолын баяндайтын көркем тарихи шығарма, баяндау үлгісіндегі тарихи әңгіме» [9, 22 б.]. Зерттеушінің бұл түйінінен кейін Орхон жазбаларының тарихилығы қаншалық? деген сауал туындайтыны анық. Бұл жайында тарихшы Л. Гумилев: «Демек, жазулар – үгіттеу, яғни оларда тарихи материал іріктеліп келтіріледі. Сондықтан «Таншуда» (қытай жазбасы - Н.Қ) оқиғалар барысының жарыспалы түрде берілуі біз үшін ерекше бағалы. Бұларды салыстырып тексерген кезде оқиғалардың едәуір дұрыс баяндалғанына, бірақ толық еместігіне көз жеткіздік. Бұл түсінікті де, себебі үгіттік құжатта бейтараптылық тек қисынсыз ғана емес, сонымен бірге ақылға сыймастық» [7, 332 б.], - дейді. Орхон ескерткіштерінің тарихилығы тұрғыдан өзге жазбалардан артықшылығы да сол кезеңдегі түріктердің, Түрік қағанатың арғы-бергі тарихын бір-бірін толықтыру арқылы әрі сол кезеңнің саяси және әлеуметтік жағдайларын терең талдай білу негізінде жеткізетіндігінде екендігін С. Кляшторный пікірінен де көреміз [1, 49 б.]. Ескерткіш мәтіндеріндегі тарихи оқиғалардың тікелей немесе жанама, жұмбақтау түрінде болсын берілуі – олардың тарихилық, шежірелік сипатының басым екендігін аңғартады. Дәлел ретінде «Көне түріктер» авторының «Білге қаған» ескерткішінде «Күлтегін» мәтініне еңбеген 700 жылғы Таңғұттарға жасалған жорық туралы, 709 ж. чиктерді бағындыру жөніндегі, 714 ж. Бесбалық түбінен талқандалмаған жасақтардың шегінуі, 715 ж. Агу маңындағы тоғыс-татарлармен шайқасу, 716 ж. аяғында 717 ж. татаптар мен қарлұқтарды жеңу, т.б. тарихи оқиғаларды еске салатын жолдардың бар екендігін жазғанын айта кетсек болады [7, 330 б.]. Бір ғана жәдігерде көптеген тарихи оқиғалардың берілуі – Қ. Өмірәлиевтің «Орхон мұралары прозалық туынды, тарихи әңгіме» деген қорытындысының ғылыми негізі жоғары екендігін білдіреді.

Ескерткіштерді тарихи шығарма деп тануда тағы бір аргумент ретінде олардың авторына қатысты даайтып өткен жөн. Себебі, туынды жанры оның авторының тұлғалық ерекшелігімен, шығармашылық қарым-қабілетімен тікелей байланысты. Көне жәдігерлер авторының бірі – Тоныкөк. Мәтін мен ғалымдардың пікіріне сүйенсек, ол – табғаш жерінде білім алған, яғни, мемлекетаралық саяси жағдайларды да білетін, бірнеше қағанның кеңесшісі болған тарихи тұлға. Деректерден оның тек идеолог ретінде ғана емес, сонымен бірге

жорықтарды ұйымдастырушы, ірі мемлекеттік шешімдер қабылдайтын қайраткер болғандығын аңғарамыз. Ал Иоллығ-тегінге келсек, Қ. Өмірәлиев: «Ол – өз дәуірінің ірі идеологы, саяси қайраткері, үлкен тарихшысы» – дейді [10, 66 б.]. Көне түріктер көсемінің тарихи оқиғаларды, сол кезеңдегі мемлекеттер мен ру-тайпалар арасындағы саяси жағдайларды жан-жақты талдай және түйсіне отырып түсіргенін, анализ жасау шеберлігінің жоғары екендігін Л. Гумилев өз еңбегінде жазады. Екі автордың осындай ерекшеліктеріне қарай отырып, әрі бітігтеген мұралардың мазмұнын, негізгі идеялық мұратын бағамдай келе, оларды тарихи әңгіме, шежіре деуге болатындай.

2. Қ. Өмірәлиев прозалық деп таныған екінші ерекшелік мәтіндердегі қарасөзге тән, яғни поэзиялық үлгіге жат өлшем-формалар: ескерткіштердегі жай сөйлемдердің баяндауыштарының бір сипаттас болуы, бір сөйлем ішіндегі бірыңғай мүшелердің көп қатарлы тізбегінің, жалаң сөйлемді төл сөздердің жиі келуі. Мәселен, төмендегі мысалдарға тоқталсақ:

Теңрі иарылқадук үчүн үкүс тийін біз қорқмадымыз, сүнүсдүмүз, Тардус сад ара бады. Йадымыз, қағанын тұтдымыз, йабғысын, садын анта өлүрті, еліг че ер тутдымыз, ол оқ түн будунын сайу ытымыз.

Теңрі жарылқаған үшін, көп екен деп біз (40) қорықпадық. Соғыстық. Тардус шад ара барды (арадан келіп кірді, тиді). Бытыраттық (быт-шыт қып бетіне қудық). Қағанын тұттық (тұтқын еттік), жабғусын, шадын (42) сонда өлтірді. Елуше (елудей) кісіні тұтқын еттік. Сол түні-ақ ел сайын [кісі, шапқыншы] жібердік (шаптырдық) [9, 63-78 бб.];

Түрк будун өлті, алқынты, иоқ болты. Түрк жұрты өлді, алқынды (азайды), жоқ болды [9, 60-72 бб.];

Сабымын түкеті есідгіл: улайу іні-йігүнім, оғланым, бірікті оғушым, будуным, бірейе шад-апыт беклері, йырыя тарқат буйрук беглер, отыз. Сөзімді түгете (түгел, тауыса) есетіндер (ұғып алындар)! [Соңымнан ерген] іні-туғандарым, ұлдарым, біріккен (одақтасқан) руларым, ел-жұртым, оң қол шад-апыт бектер; сол қолтарқат-бұйрық бектер, Отыз [Татар] [9, 64-80 бб.];

Анта өтрү қағаным өтүнтүм, анча өтүндүм. Содан соң қағанымнан өтіндім, былай деп өтіндім [9, 61-74 бб.].

Мұндағы баяндауыштардың бір сипатта болуы – прозалық әңгімелеу. Ескерткіш авторлары реттілікті сақтау, оқиғаны нақты жеткізу мақсатында сөйлем формасында берілетін ой түйдектерін етістікті баяндауышпен аяқтап, жинақтап отырған. Сонымен қатар, ауызекі стильге жақын бір етістікті қайталап қолдану тәсілі де жиі ұшырасады. Ал бірыңғай мүшелердің қатарласа келуі – ырғақ пен ұйқас заңдылығына қарама-қайшы болса, төл сөздердің берілуі, «мен» атынан айтылуы – кейінгі – XIV-XVI ғасырлардағы «Жамиғ-ат тауарих», «Шейбани-наме» сияқты хандар шежіресіне дейін жалғасқан мемлекетшіл, ордалық, билік әдебиетінің қарасөз өрнегі.

3. Ескерткіштерде арагидік кездесетін өлең-жыр шумақтары, шешендік сөз үлгілері көне жәдігерлердің жанрын айқындауда қаншалықты маңызды? Олар көне мұраларды тұтас поэзиялық туындылар деп тануға негіз бола ала ма және олардың көркемдік деңгейі қандай? Бұл тұрғыдан алғанда, Қ. Өмірәлиев көне мұраларда поэзиялық үзінділер мүлдем жоқ деген байлам жасамайды. Керісінше, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер және жыр формасына жақын шешендік сөз үлгілері мен тақпақтардың ұшырасатындығын айтып, олардың, әсіресе өлең өлшеміне жақын үзінділердің баяндау стиліне, айтылу ерекшелігіне кеңінен тоқталады. Осы арқылы оларды көне түркілердің ертеден келе жатқан дүниені танудағы қалыптасқан ойларының поэтикалық көрінісі немесе белгілі бір тарихи кезеңдер мен оқиғалардан қалған өткен тарих сабақтары деген пайым жасайды. Демек, мұндай үзінділердің басым бөлігі ауызекі сөйлеудің, ары кеткенде ауыз әдебиетінің үлгілері. Сондай жолдарға «Үсте тәңірі баспаса, аста жер тілінбесе», «Құл құлды болған еді, Күн күнді болған еді», т.б.

жатқызуға болады. Мұнда ескеру керек тағы бір дүние – сол үзінділердің арагедік ұшырасуы, композициялық біртұтастықта берілмеуі және өлеңге тән өлшемдерге сәйкес келмеуі. Әрине, ертедегі поэзиялық үлгі солай болды дегенімізбен, аталмыш мұралардан үш ғасырдан кейін жинақталып, айтылу уақыты көне түркі дәуіріне тән немесе одан да арғы кезең делінген М. Қашқаридың «Түрік сөздігіндегі» Алп Ер Тоңаға арналған жоқтау жырының, жорық жырларының немесе өзге де өлең жолдарының көркемдік деңгейі: ұйқас, ырғақ, өлең құрылысы басқа сатыда. Демек, біздің жыл санауымыздан 7-5 мың жыл бұрын тұтас бір тілде сөйлеп үлгерген халықтың біздің дәуіріміздің басында көркемдік деңгейі жоғары поэзияның шығарушысы болды және қаласа жазба ескерткіштерді де сол поэзия үлгісінде тудыра алуы мүмкін еді деген қорытынды жасауға болады. Бірақ авторлар тарихи әңгіме, шежіре жанрын таңдаған. Бұл мәселеге қатысты Қ. Өмірәлиев ұсынған құнды дәлелдердің бірі: «Күлтегін» – шығарған емес, айтып отырып жаздырылған («бар ітгүчі, бедіз йаратыгма, бітіг таш ітгүчі табғаш қаған чықаны»). «Тоныкуқ» та айтып отырып жаздырылған («Түрк білге қаған еліңе бітітдім» (жаз-дыр-дым) бен Білге Тоңуқуқ). Сондықтан да бұлар ауызекі сөйлеу стилінің баяндай айту нормасына жақын» [9, 20 б.], - деген қорытындысы. Зерттеушінің бұл мәселеге қатысты ғылыми байламы жайында М. Дүйсенов: «Ендеше, қандай бір жазба әдебиет болсын арғы бастауын фольклорлық шығармалар дәстүрінен алатынын, сөйтіп бірте-бірте әдеби дәстүр қалыптастыратынын мойындасақ, бұл Орхон жазба ескерткіштеріне де тікелей қатысты.

Қ. Өмірәлиевтің дұрыс байқаған, бұл жазбаның ауызекі сөйлеу тілінің баяндай айту өлшеміне жақындығы туралы пікірінің арғы негізі де осы айтқан жайға байланысты» [11, 15 б.], - деген болатын. Демек, мәтінде келген үзінділер ауыз әдебиетіне, ауызекі сөйлеу стиліне жақын. Себебі, мұндай сөз қолданыс поэзияда ғана емес, қарапайым күнделікті қарасөз қолданысында, келелі кеңес пен жиындарда жиі ұшырасып отырған. Біз бұл ерекшелікті ескерткіш жазылған уақыттан он ғасыр кейінгі көшпенділерден байқаймыз. Тарихымыздағы қазақ халқы туралы деректерде кездесетін «Көшпенділер қарапайым сөйлеп тұрғанның өзінде өлең оқып тұрғандай» деген пікірдің дала жұртының қарапайым сөз қолданысының өзінде ерекше поэтикалық қуаттың, ырғақ пен үйлесімділіктің жататындығын аңғартса керек. Бұл – шешендік қабілеті, сөз сақтау жады және оны қолдану мүмкіндігі жоғары көшпенділердің барлығына ортақ қасиет. Бұл пікір де көне мұралардың жанры поэзиялық үлгі емес, саяси, тарихи, стратегиялық маңызы жоғары «хан жарлықтары мен шежіре үлгі-нұсқасын бойына жиған көркем шығармалар» деген ғалым тұжырымының тағы бір дәлелі болса керек.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, Орхон жазба ескерткіштерінің жанрлық сипатын айқындау – оның көркемдік негізін ғылыми тұрғыда зерттеу, саралау ғана емес, оның идеялық маңызын, стратегиялық негізін, миссиясын түсінуге, тұтас сол «Алтын дәуір» аталған кезеңнің құндылықтарын бағалауға негіз болады. Ал оларды поэзиялық туындыдеп тану, біріншіден, тарихи шығарманы және ондағы тарихты жоққа шығаруға, көркем туындыға алмастыруға әкеп соқса, екіншіден, Қ. Өмірәлиев айтқандай: «Түркі халықтары VIII ғасырда ауызекі тілі мен поэтикалық стиль бөлінбеген, поэзиялық стильдің элементтері ғана жасала бастаған сөз үлгісіне ие болды» деген қате түсінікке ұрындырады [9, 21 б.].

Өткен ғасырда көбіне европацентристік және кеңестік ғылым методология аясында қарастырылған көне түркі жәдігерлерінің жанрлық сипатын қайта саралау – бүгінгі түркология ғылымының маңызды мәселелерінің бірі. Ал өз кезегінде зерттеу еңбектерін тарих, әдебиет, тіл тұрғысынан тұтас, кешенді түрде жүргізгенсұңғыла ғалым Қ. Өмірәлиев зерттеулері көне мұралардың жанрлық ерекшелігін тануда ғылыми негізі жоғары дәлелдер мен тұжырымдар дегіміз келеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кляшторный С. История центральной Азии и памятники рунического письма. – Санкт-Петербург: Бионт, 2003. – 560 с.
- 2 Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1962. – 428 б.
- 3 Марғұлан Ә. Қазақстан халықтары мен тайпаларының VI–XII ғасырлардағы мәдениеті / Қазақ ССР тарихы. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1957. – 1-т., - 639 б.
- 4 Жолдасбеков М. Тастар сөйлейді. – Астана: Фолиант, 2002. – 194 б.
- 5 Стеблева И. Поэзия тюрков VI-VIII веков. – Москва: Наука, 1965. – 142 с.
- 6 Щербак А. Соотношение аллитерации и рифмы в тюркском стихосложении // Народы Азии и Африки. –1961. -№ 2. - С.142-153.
- 7 Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 480 б.
- 8 Мағауин М. – Ғасырлар бедері. Көптомдық, т. 8. – Алматы: Қағанат, 2002. – 490 б.
- 9 Өмірәлиев Қ. VIII –XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. – Алматы: Мектеп, 1985. – 127 б.
- 10 Ата тарих айғақтары. Естеліктер, мақалалар. – Алматы: Ғылым, 2001. – 340 б.
- 11 Дүйсенов М. Сынтастардағы жазулар // Қазақ әдебиеті. –1981. - 30 январь.

С.Б. Жумагул, Н.М. Кайралапов

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Жанр древнетюркских письменных памятников и исследование Кулмата Омиралиева

Аннотация. В статье рассматриваются жанровые особенности древнетюркских письменных памятников. Проанализированы исследования, мнения и выводы ученых, связанные с этим жанром. Определение жанра древнетюркских памятников заключается не только в анализе их художественной силы, поэтической ценности, но и в оценке исторического, стратегического значения, основной идеологической миссии этих произведений. Уже более века многие историки, литературоведы и лингвисты с научной точки зрения комментируют эту проблему. В статье анализируются и сравниваются доказательства ученых, которые признали памятник как поэзию и прозу и приводятся примеры, доказательства из текста памятников. В тоже время рассматриваются особенности основных выводов и аргументов исследования К. Омиралиева по этой проблеме и выявляется их научная значимость.

Ключевые слова: жанр древнетюркских письменных памятников, поэтические и прозаические особенности, исследование Кулмата Омиралиева.

S. B. Zhumagul, N. M. Kairalapov

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Ancient Turkic written monuments genre and Kulmat Omiraliev's research

Abstract. The article considers genre features of ancient Turkic written monuments. Studies, opinions and conclusions have been analyzed of scientists related to this genre have been analyzed. The definition of the genre of ancient Turkic monuments is not the only analysis of their artistic power and poetic value, but also is the evaluation of the historical, strategic significance, and the main ideological mission of these works. For more than a century, many historians, literary critics and linguists have been commenting on this problem with a scientific point of view. The article analyzes and compares the evidence

of scientists who recognized this monument as poetry and prose, and provides examples and evidence from the text of the monuments. At the same time, the features of the main conclusions and arguments of K. Omiraliyev's research on this problem are considered and their scientific significance is revealed.

Keywords: genre of ancient Turkic written monuments, poetry and prose features, the study of Kulmat Omiraliyev.

References

- 1 Klyashtornyi S. Istoriya Centralnoy Azii i pamyatniki runicheskogo pisma [History of Central Asia and monuments of Runic Writing] (Biont, St. Petersburg, 2003). [in Russian]
- 2 Auezov M. Uakyt jane adebiet [Time and literature] (Kazmemkorkemadepbas, Almaty, 1962, 428 p.). [in Kazakh]
- 3 Margulan A. Kazakhstan khalyktary men taipalarynyn VI-XII gasyrlardagy madenieti/ Kazakh SSR tarihy [Culture of the peoples and tribes of Kazakhstan in the VI-XII centuries/ History of the Kazakh SSR] (Kazakh memleketbaspasy, Almaty, 1967, Vol. 1, 639 p.). [in Kazakh]
- 4 Zholdasbekov M. Tastar soileidy [The stones speak] (Foliant, Astana, 2002, 194 p.). [in Kazakh]
- 5 Stebleva I. Poeziyaturkov VI-VIII vekov [Poetry of Turk in VI-VIII century] (Nauka, Moscow, 1965. P. 142). [in Russian]
- 6 Sherbak A. Sootnoshenie alliteraci i rifmy v tyurkskom stihoslojenii [Correlation of the alliteration and rhythms in turkic versification] (Peoples of Asia and Afrika, 1961, №2). [in Kazakh]
- 7 Gumilyev L. Kone turkter. [The ancient Turks]. (Bilim, Almaty, 1994, 480 p.). [in Kazakh]
- 8 Magauin M. Gasyrlar bedery [The imprint of the ages]. (Kaganat, Almaty, 2002, 490 p.). [in Kazakh]
- 9 Omyraliyev K. VIII-XII gasyrlardagy kone turkter adebi eskertkyshteri [Literary monuments of the ancient Turkic VIII-XII centuries]. (Mektep, Almaty, 1985, 127 p.). [in Kazakh]
- 10 Omyraliyev K. Ata tarikh aigaktary. Estelikter, makalalar [The evidence of the ancient history. Memories, articles]. (Gylym, Almaty, 2001, 340 p.). [in Kazakh]
- 11 Duisenov M. Syntastardagy zhazular [Writings in stones]// Newspaper "Kazak adebieti", №5. 30.1.1981. [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Жұмағұл С.Б. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ әдебиеті кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Қайралапов Н.М. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Zhumagul S.B. – Doctor of Philology, Prof. L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Kairalapov N.M. – 2nd course of Master's degree of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.